

# Жарыс үздіктері анықталды

## Жастар арасында футболдан аудандық шағын турнир ұйымдастырылды

**Төлеген Темірбекұлы Тұрағұловтың есімі аудан халқына етене тааныс. Меңдіқара халқы Төлеген ағамыздың адал еңбегін, абыройлы ісін жақсы біледі.**

Халқына адал еңбек атқарып, ел алғысын арқалаған Төлеген Темірбекұлы Боровской селолық округінде талай жыл әкім болып қызмет етті. Халқына абыройлы, еңбегіне адал, ақ пейіл жан бола білді.

Саналы ғұмырын еңбекке арнап, өнегелі ғұмыр кешкен Төлеген ағамыз бүгінде ортамызда жоқ. Дегенмен де, ағамыздың атқарған адал ісі, ақ пейіл көңілі халықтың жадында мәңгі сақталады. Бүгінде ортамызда болмаса да, аудан жастары ағамызды еске алғанды жөн санады.

Өткен аптаның сенбі күнінде «Жаса» қоғамдық қоры және Меңдіқара аудандық Жастар ресурстық орталығы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Боровской селосының әкімі Төлеген Тұрағұловты еске алуға арналған футболдан шағын турнир өтті.

Теңбіл доп жарысына Төлеген ағамыздың жақындары, туыстары және балаалары қатысты. Іс-шараның ашылу салтанатында ағамыздың ұлы Жәнібек Тұрағұлов халық алдында сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тілеп,



Жеңіске жеткен Көктерек ауылының командасы

ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді. «Жаса» қоғамдық қорының басшысы, спорт жанынанышы, іс-шараның ұйымдастырушысы Серік Августбаев турнирдің мақсатына тоқталып, өз ойын білдірді.

- Биылғы жылы Жастар орталығымен бірлесе отыра көптеген ша-

ралар ұйымдастырып жатырмыз. Жақын арада Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына орай оқушылар арасында футболдан жарыс өткізген болатынбыз. Бұл жолы Төлеген Темірбекұлын еске алуға арналған турнир өткізуді ұйғардық. Спортқа көңіл бөліп, спорт сүйер қауымның көңілінен

шығуды көздедік. Футболдан шағын турнир өткізіп, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауды мақсат еттік. Бүгінгі жарыс, спорт додасы көптің көңілінен шықты деген ойдамын. Спортшылардың барлығы жігерлі, мықты екенін байқадық. Жеңіске жеткен командаларды құттықтаймын және

спортшыларға сәттілік тілеймін,- деді Серік Оспанұлы.

Турнирдің мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттап, жастарды салауатты өмірді ұстануға шақыру болды. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген турнир, қызу тартысқа айналды.

Әр команда өздерінің нағыз мықты спортшы екендерін дәлелдей білді. «Достық» стадионында спортшылар оң нәтиже көрсетіп, үздіктердің есімі анықталды.

Ала доп аламанына 6 команда қатысып, өз ара бақ сынасты. Әділ төрешілер командаларға сәттілік тілеп, әділ баға берді.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген турнир нәтижесі бойынша I, II, III жүлделі орындар анықталды. I-ші жүлделі орын Көктерек ауылының команда-сына бұйырды. Ойын нәтижесі бойынша II-ші орын «Меңдіқара» командасының қанжығасына байланды. Боровской селолық әкімшілігі III-ші орынға қол жеткізді.

«Үздік қақпашы» Жасұлан Қорғамбаев, «Үздік қорғаушы» Нұрғали Ахметов, «Үздік ойыншы» Рауан Мінайдаров және «Үздік шабуылшы» атағына Евгений Энгель ие болды.

Жеңіске жеткен командаларға Кубоктер мен Боровской селосының әкімі Жасұлан Тұрағұловтың атынан Алғыс хаттар табысталды. Ұйымдастырушылар жас спортшыларға жылы лебіздерін айтып, ризашылықтарын білдірді.

Жас спортшыларымыз үлкен еңбектің нәтижесін көрсете білді. Мықты командалар анықталып, құттықтау сөздер айтылып жатты.